

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

20.03.2021 ж

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 11

город Алматы

**Алматы қаласында 2021 ж. 21-нен 28-ші
наурызын қоса алғандағы кезеңде
коронавирустық инфекция ауруының
алдын алу жөніндегі іс-шараларды
күшейту туралы**

Алматы қаласының эпидемиологиялық жағдайының одан әрі нашарлауын, COVID-19 короновирустық инфекциясының таралуын оқшаулау мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 және № 68, 2021 жылғы 26 ақпандағы №7, 2021 жылғы 27 ақпандағы №9, 2021 жылғы 05 наурыздағы №10 қаулыларына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар қамтамасыз етсін:

1) ойын-сауық іс-шараларын, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

2) «Наурыз» және басқа да мерекелік ұжымдық іс-шараларды жаппай тойлауды ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салуды;

3) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілеріне шектеулер мен рұқсаттарды іске асыруды;

4) қоғамдық орындарға (оның ішінде қалалық қоғамдық көлікте жол жүру кезінде) және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда) маска кию, қашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтауды;

5) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне тыйым салуды;

6) Ұлттық құрамалар, клубтық командалар үшін спорттық жаттығуларға рұқсат беруді (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру);

7) COVID-19 -ға ПТР тексеріп-зерттеу нәтижесі болған кезде, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған және бір мезгілде 30 адамнан аспай жиналған жағдайда, қалалық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беруді;

8) жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (мемлекеттік, ұлттық табиғи парктерде, қорықтарда, резерваттарда және басқаларда) 15 адамнан аспай, маска режимін және 1,5 метрден кем емес қашықтықты сақтай отырып болуға рұқсат беруді;

9) кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізуге тыйым салуды;

10) «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беруді;

11) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

12) қоғамдық көлікке, таксиге, метроға, әуежайларға, т/ж және авто - вокзалдарға, аула балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

13) білім мекемелеріндегі қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне тыйым салу;

14) Тұрғын үй саясаты және қалалық мобильділік басқармасы коронавирустық инфекцияның белсенді ошақтары бар үйлердегі аулалық және кварталаралық балалар ойын алаңдарын, кіреберістер мен лифтілерді, соңғы аялдамаға әрбір кіреберісте қоғамдық көлікті күнделікті дезинфекциялауды қамтамасыз етсін;

15) Дезинфекция орталығы ошақтарда қорытынды дезинфекция жүргізу кезінде лифтілерді, баспалдақ алаңдарын, лифтіден лифтіге дейін кіреберістен шығуға дейінгі маршруттарды қамти отырып, 1 рет дезинфекциялауды қамтамасыз етсін; лифтілер болмаған кезде - баспалдақ алаңдары мен КВИ-мен ауыратын науқастың пәтерінен кіреберіске шығуға дейінгі маршрут;

16) Сауда кәсіпорындары қауымдастығының ұсынысына сәйкес ауданы 1000 ш. м. астам сауда объектілеріне (СОСО, СҮ, сауда желілері, базарлар) өз объектілерінде келушілердің әлеуметтік қашықтық пен маска режимін сақтауын тұрақты бақылау үшін санитариялық патрульдерді қалыптастыру ұсынылсын;

17) Мониторингтік топтар шектеу іс-шараларының орындалуын күндізгі және түнгі уақытта бақылауды қамтамасыз етсін;

18) мемлекеттік органдардың қызметкерлерін (әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің, мониторингтік топтардың мүшелерін, прокуратураның, полицияның, Алматы қаласы ТЖД мен аудандық бөлімшелердің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, ұлттық қауіпсіздіктің, соттардың, санитариялық - эпидемиологиялық қызметтің, әлеуметтік қорғаудың), сондай-ақ волонтерлерді (әкімдіктердің ұсынған тізімдеріне сәйкес), мәйітхана және сот-медициналық сараптама қызметкерлерін ай сайын 1 рет профилактикалық мақсатта зертханалық тексеруді қамтамасыз ету.

2. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігеріні 10.03.2021 ж. № 9 және 16.03.2021 ж. № 10 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 21 наурызынан бастап күшіне енеді және 2021 жылдың 28 наурызын қоса алғанда қолданылады.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің 2021 жылғы
20 наурыздағы № 11 қаулысына
1-қосымша

**Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу
өлшемшарттары
(барлық объектілерде маскалық режимді және әлеуметтік қашықтықты қатаң
сақтаған жағдайда)**

№	Объектілер / салалар	Қызыл аймақ
1.	Өнеркәсіп, көлік және құрылыс объектілері (қызметкерлерді жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру ұсынылады)	тұрмыстық үй-жайларда байланыстарды болдырмау шартымен рұқсат етілдеі
2.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша қызметтер және т. б.)	шектеусіз
3.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтар (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	шектеусіз
4.	Гүл дүкендері, фотосалондар	шектеусіз
5.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	шектеусіз
6.	Мұражайлар, кітапханалар, зоологиялық саябақ	шектеусіз
7.	Кітапханалар	тыйым салу
8.	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 24.00-ге дейін
9.	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған) 500 кв. м дейін	жұмыс уақытын шектеу сағ. 10.00 ден 20.00-ге дейін
10.	Балалар түзету кабинеттері, балалар және ересектерге арналған білім беру орталықтары	тыйым салу
11.	Шаштараздар және сұлулық салондар (шаш қысқарту)	жазылу бойынша
12.	Маникюр және педикюр, косметикалық қызмет көрсететін сұлулық салоны және орталықтары, барбер-шоп	тыйым салу.
13.	Супермаркеттер, гипермаркеттер, тамақ өнімдерін өткізу жөніндегі сауда желілері	жұмыс уақытын шектеу сағ. 06.00 ден 02.00-ге дейін

14.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	Толтырылуы 50%-дан артық емес
15.	Ашық және жабық базарлар (азық-түлік)	сенбі, жексенбі күндері жұмысқа тыйым салынады; жұмыс күндері жұмыс уақытын шектеу 06.00 ден 17.00 ге дейін; мереке күндері 10.00 ден 17.00 ге дейін
16.	Көтерме-бөлшек киім-кешек базарлары және азық-түлік емес ашық және жабық базарлар	тыйым салу
17.	СОСО және сауда үйлері	тыйым салу
18.	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайдағы), оның ішінде СОСО және СҮ-де орналасқа бөлек кіретін	тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
19.	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорттар	СОСО және СҮ тыс жерлерге тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
20.	Отыратын орны жоқ қоғамдық тамақтану объектілері (стационарлық емес, жылжымалы)	тек қана жеткізу және шығару, уақытын шектеусіз
21.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазба бойынша)	жазба бойынша
22.	Қоғамдық көлік (қалалық және қала мңындағы маршруттар)	жұмыс күндері штаттық кестеге сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндері жұмыс уақытын шектеу таңертең 06.00 ден 10.00 ге дейін; кешкісін 17.00 ден 22.00 ге дейін
23.	Банктер және де қаржы нарығының өзге нысандары, 20 және одан көп қызметкерлері болған жағдайда	күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим шаралары қатаң сақталған жағдайда өндірістік қажеттілік болған кезде қызметкерлердің кемінде 40% - ы қашықтықтан жұмыс нысанына ауыса алатын филиалдарды (бөлімшелерді, пункттерді) қоспағанда, қызметкерлердің жалпы штат санының кемінде 60% - ын қашықтықтан жұмыс

		нысанына ауыстыру қамтамасыз етілсін
24.	Мектепке дейінгі мекемелер	кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде
25.	технологиялық процесс қызметкерлердің жұмыс орнында болуын қажет ететін өнеркәсіптік, құрылыс және өзге де ұйымдарды және қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен объектілер	80% - қапшықтағы режим; 20% - күндізгі режим;
26.	Діни объектілер	тыйым салу
27.	Қоғамдық моншалар	тыйым салу
28.	Сауналар, СПА-орталықтар, бассейндер	тыйым салу, «Ashyq» пилоттық жобасын іске асыруға қатысағын объектілерді қоспағанда
29.	Қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысы (электричкалар)	жалпы вагондарсыз
30.	Жолаушылар поездарының қозғалысы	жалпы вагондарсыз
31.	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	тыйым салу
32.	Спорт объектілері	тыйым салу, аккредиттелген ҚР ҰОК құрама командалары мүшелерін даярлау үшін қоспағанда
33.	спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар	тыйым салу
34.	«Медеу» ЖТК	жаппай сырғанауға тыйым салу
35.	«Шымбұлақ» ТК	келушілердің санын 500 адамға дейін қысқарту
36.	«Шымбұлақ» ТК қоғамдық тамақтану объектілері	қонақтарды залдарда және жазғы алаңдарда қабылдауға тыйым салу, алып кетуге және жеткізуге уақытын шектеусіз
37.	Мәдениет объектілері (дайындық)	тыйым салу
38.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	тыйым салу
39.	ХҚКО	сенбі, жексенбі және мереке күндері жұмысына тыйым салу, жұмыс күндері 9.00 ден 18.00 ге дейін уақытын шектеу, жазба бойынша
40.	«Қазпошта» АҚ бөлімшелері	9.00 ден 18.00 ге дейін

		уақытын шектеу, жазба бойынша
41.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
42.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
43.	Бильярдтер	тыйым салу, «Ashyq» пилоттық жобасын іске асыруға қатысатын объектілерді қоспағанда
44.	Компьютерлік клубтар, боулинг	тыйым салу, «Ashyq» пилоттық жобасын іске асыруға қатысатын объектілерді қоспағанда
45.	Цирктер	тыйым салу
46.	Балалар ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар), оның ішінде СОСО, СУ орналасқан	тыйым салу
47.	Көрермендермен спорттық іс-шаралар өткізу	тыйым салу
48.	Көрермендерсіз спорттық іс-шаралар өткізу	ақпараттық қамтамасыз етудің, қатысушыларды COVID-19 ға міндетті ПТР зерттеу
49.	Еске алу өткізу	тыйым салу
50.	Банкет залдары, түнгі, ойын және лото клубтары, караоке	тыйым салу
51.	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, кормелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	тыйым салу